

Тың ойларға жетелейді

Еліміз егемендігін алып, тәуелсіздігіміздің баянды болғанына да ширек ғасырдан асты. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы саясаты мен көрегендігінің арқасында сол кезеңдегі қиыншылықтар мен қайшылықтардан сүрінбей өтіп, бүгінгі мамыражай күнге жеттік. Оған арқау болған Мемлекет басшысының жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларындағы елімізді дамытуға негізделген басым бағыттар мен атқаруды қажет ететін міндеттер. Қазіргі таңда Қазақстан буыны қатайғаң іргесі берік мемлекетке айналып, әлем сахнасынан өзінің лайықты орнын алды.

"Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты мақаласында да Елбасы кемеліне келген мемлекеттің бүгінгі жаһандану үдерісіндегі өзіндік болмысын сақтап қалу мақсатында қоғамдық қажеттіліктен туындап отырған өзекті мәселелерді көтерді. Құндылығы зор мұндай пікірлер бүкіл Алаш жұртын елең еткізіп, теледидар бағдарламаларында, бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде қызу талқыға түсті. Әсіресе, мақаладағы қоғамдық сананы рухани жаңғырту бағытындағы қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың рөлін күшейту, олардың қағидаттарын ұстану арқылы болашақ ұрпақты тәрбиелеу мәселелері ғалымдар мен мамандарды елең еткізіп, ғылыми-зерттеу, зерделеу бағытындағы тұжырымды ойлары мен ұсыныстарын қоғамға жеткізуге асығуда.

Мақалада көтерілген негізгі идея, жаңа тұрпатты жаңғырудың басты шарты ұлттық кодынды сақтай білу қағидасы. Жан-жақты зерделей келсек, тамырын тереңге жайған ұлттық рухани құндылықтарды сақтап, жаңғырту болашаққа қадам басудың негізгі баспалдағы екенін түсіну қиын емес. "...Рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл - тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы", - деген мақаладағы жолдар айтылған ойымыздың айғағы іспеттес.

Елбасы бірнеше бағыттарды айқындап, еліміз тәуелсіздік алғаннан бері бұл бағытта бірқатар мақсатты жобалардың жүзеге асып жатқанын айтты. "Мәдени мұра", "Халық тарих толқынында" мемлекеттік бағдарламаларының аясында қыруар жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде мемлекетіміздің қоржыны баға жетпес құндылықтармен толықты. Еліміздің қоғамдық-гуманитарлық және әлеуметтік салаларының ғалымдары төл тарихымызға қатысты құнды деректерді алыс-жақын шетелдерден, әлемнің беделді деген мұрағаттарынан жинастырып, енді осы мұраны ұқсатуда Қазақ тілінің біртіндеп латын әліпбиіне көшірілуі күн тәртібіне қойылды. Ол қазіргі жаһандану заманындағы технологиялық ортаның, ғылым және білім беру үдерісінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты туындап отыр.

Солтүстік өңір табиғи-жағрафиялық жағынан алғанда экологиялық таза өнімдерге бай өлке және оларды өндірістік қажеттіліктер мен адамзат тіршілігіне пайдалануға әбден болады. Осы мүмкіндіктерді университет ғалымдары тиімді пайдаланып, нәтижелерін өндіріске өндіру бағытында қыруар жұмыс жүргізуде.

Біздің ғалымдар "Туған жер" бағдарламасының кеңінен қанат жайып, өсіп-еркендеуі үшін де аянбай қызмет етуде. Өңір тарихшылары зерттелуі кенже қалған мәселелерді жан-жақты қарастырып, алдағы уақытта ғылыми монографиялар мен мақалалар жариялауды, алыс-жақын шетелдерден еліміздің, өлкеміздің тарихына қатысты құнды жәдігерлер мен деректерді әкелуді жоспарлауда.

Ұлттық құндылықтарымызды сақтай және қадірлей отыра, Қазақстанның әлемнің алдыңғы қатарлы озық 30 мемлекетінің қатарына қосылу мақсатындағы тұжырымдамасы "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясын жүзеге асырудың маңызды қадамы екенін тарихи тәжірибе

дәлелдеп берді. Баға жетпес құжатта тың бастамалар көтеріліп, барша қазақстандықтардың алдына үлкен міндеттер қойылуда. Маңызды белестерге жету үшін қазақстандық әрбір азаматтың сапалы еңбегі мен қосар үлесі қомақты болуы тиіс.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты бағдарламалық мақаласында көтерілген маңызды мәселелерді негізге ала отырып, "дөңгелек үстелдер", кездесулер, брифингтер мен "Ашық есік күндерін" өткізуді жоспарлап отырмыз. Жылдың аяғына дейін Солтүстік Қазақстан облысынан шыққан 100 атақты адамның галереясын жасауды, өңір тарихына арналған ғылыми еңбектер мен оқу және әдістемелік басылымдарды әзірлеуді қолға алмақпыз.

Бүгінгі таңда "Солтүстік Қазақстан облысы: тарих және тағылым", "СҚО әкімшілік-аймақтық бөлініс тарихынан", "Петропавл қаласы тарих толқынында" сияқты ғылыми еңбектер дайындалды және осы істі әрі қарай жалғастыруды мақсат етудеміз. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде "Туған жер" атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізуді, алыс-жақын шетелдерден Солтүстік Қазақстан өңіріне, Қызылжар тарихына қатысты материалдарды және құнды құжаттарды әкелу мақсатында экспедициялар ұйымдастыруды, облыс топонимикасының ақпараттық (электронды) порталын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде әзірлеуді ойластырудамыз.

Елбасының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласынан туындайтын жоғарыда атап көрсеткен мәселелерді жүзеге асыру үшін облыстық әкімдік, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, облыстық мемлекеттік мұрағат, тарихи-өлкетану мұражайы және басқа да ғылыми және білім беруші мекемелер, букаралық ақпарат құралдары өкілдері бірлесіп, жамыла жұмыс атқарғаны ләзім.